

**6D080800 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығының докторанты
Туребаева Сагадат Даuletбековнаның Оңтүстік Қазақстанның тәлімі
жерлерінде топырақты нөлдік өндөу жағдайында күздік бидайды өсіру
кезінде тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері тақырыбында жазылған
диссертациясына және докторантқа ғылыми жетекшінің**

ПКІРІ

Туребаева Сагадат Даuletбековнаның жазған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырысы бойынша «Тұрлі технологияларды салыстырмалы зерттеу негізінде өсіріп-өндіру технологиясының элементтерін, дифференциалды қоректендіру, өсімдік қорғау құралдары мен рентабельді өндіріске арналған техникаларды пайдаланумен Қазақстанның аймақтары үшін ауылшаруашық дақылдарын (дәнді астық, дәнді-бұршакты, майлы және техникалық дақылдарын) өсіріп-өндірудің егіншілік жүйесін құрастыру» тақырыбындағы ғылыми-техникалық бағдарламасының «Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлерде топырақты нөлдік өндөу кезінде күздік бидай егістіктерінде тыңайтқыштар мен өсіруді қарқыннатқыштарды пайдаланудың жүйесін құрастыру» ісшарасы аясында жүргізілді (ісшараның мемлекеттік тіркеу №BR10764908, ісшара жетекшісі – Сыдық Д.А.). Еліміздің ауыл шаруашылығы саласын көтеру үшін астық өндірісін арттырудың маңызы зор, себебі дәнді дақылдар адам өмірінің маңызды азығы ғана емес, сонымен қатар мал және құстарға таптырмас азық болып табылады. Сол себептен де еліміздің егістік алқабының құрылымында ең көп үлесті дәнді дақылдар алып жатыр. Ол еліміздің азық-тұлік қауіпсіздігін нығайтуға, халық шаруашылығын шикізатпен қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өндейтін жұмысшылардың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуға бағытталған. Қазақстанның оңтүстік өңірінде 2006 жылдан бастап академик Д.А. Сыдықтың жетекшілігімен және оның ізбасарларымен күздік бидайды қысқа ротациялы ауыспалы егіс жүйесінде топырақты жеңіл өндеп және танапты өндемей тікелей егіп өсірудің агротехнологиялық жүйесін ертеден ұсынылған дәстүрлі агротехнологиялық жүйемен салыстырмалы зерттеп келеді. Оңтүстік Қазақстанның жауыншашынды егін шаруашылығында ауылшаруашылық дақылдарының өсуі мен дамуының негізгі шектеуші факторларының бірі топырақ ылғалдылығы болып табылады. Өйткені вегетациялық кезеңде атмосфералық жауын-шашынның мөлшері жеткіліксіз болады, ал топырақта ылғал қоры күзде жинақталады. Қысқы кезең ауылшаруашылық дақылдарының су қажеттілігін қанағаттандырмайды. Дәнді дақылдарды тікелей себу арқылы топырақты минимум және нөлдік өндөу сияқты консервативті егіншілік жүйесі, әсіресе Қазақстанның құрғақ және ыстық аймақтарындағы шаруалар үшін маңызды болып табылады. Себебі, топырақтың ылғал тапшылығы мәселесін шешуге айтарлықтай көмектеседі. Бұл технологиялар топырақ бетіндегі өсімдік мульчасын сақтайды, осылайша топырақ ылғалдылығының булануын 60-70%-

ға төмендетеді және кепілдендірілген біркелкі өсімдік жамылғысын қамтамасыз етеді

Автордың өзіне келетін болсақ, ізденуші Туребаева Сагадат бакалаврда, магистратурада оқыған кезінен бастап ғылыми жұмыстарға араласуда. Ол ғылыми жұмысты жүргізу барысында далалық және зертханалық әдістерді менгеруді жетілдіріп, өзінің ғылымға бейім, жауапты және еңбеккор жас ғалым ретінде көрсетті. Онымен қоса «топырақтан және агрохимия» кафедрасының оқу үдерісін ойдағыдай аяқтап, өзін тиянақты, білімі нақтылы, мәліметтерді жылдам қабылдап, терең және жан-жақты салыстыра зерттеуді жүргізе алатын азаматша екендігін дәлелдеді. Сондықтан болар Туребаева Сагадаттың ғылымға деген қызығушылығы диссертациялық жұмысты жоғары деңгейде жазуға және оның мазмұнын терең ашуға мүмкіндік берді. Оның нәтижелері келешекте еліміздің стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталады.

Қорыта келе, Туребаева Сагадат Даuletbekovnanың «Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жерлерінде топырақты нөлдік өндеу жағдайында күздік бидайды өсіру кезінде тыңайтқыштарды қолдану ерекшеліктері» тақырыбында жазылған диссертациясы, өзінің ғылыми жаңашылдық элементтері бойынша Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығының дамуының басым бағыттарына және Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру тәртібі туралы ереженің талаптарына толық сәйкес келеді. Ал диссертациялық жұмыстың авторы Туребаева Сагадат Даuletbekovna жетілген жас ғалым ретінде 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
ҚазҰАЗУ-нің «Топырақтану,
агрохимия және экология»
кафедрасының

а-ш.ғ.к., профессор

«ҚАЗАҚДІЛТЫҚ АГРАРНЫЙ
ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК
«АГРОБИОЛОГИЯ»
ФАКУЛЬТЕТІ

Жаппарова А.А